«БЕКІТІЛГЕН»	«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитеті	**«Қазақстан Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» ЗТБ**
Төраға	**Бас хатшының міндетін атқарушы**
_____ Р.Б. Есепалин	**_____ Б.К. Сафинов**
2025 ж. «___» _____	**2025 ж. «___» _____**

2025 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ФУТБОЛДАН OLIMPBET-КУБОГЫНЫҢ РЕГЛАМЕНТІ

Астана

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР 3

1-БӨЛІМ. ҚР КУБОГЫНЫҢ АТАУЫ, ӨТКІЗІЛУ КҮНІ МЕН ОРНЫ 7

2-БӨЛІМ. ҚР КУБОГЫНА ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР МЕН ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚҰРАМЫНЫҢ САНЫ 8

3-БӨЛІМ. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АНТИДОПИНГТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ 9

4-БӨЛІМ. БІРІНШІЛІККЕ ҚАТЫСУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ 9

5-БӨЛІМ. БІРІНШІЛІК ЧЕМПИОНЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ 10

6-БӨЛІМ. НАРАЗЫЛЫҚТАРДЫ БЕРУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ТӘРТІБІ, БАСҚА ШАРТТАР 10

АНЫҚТАМАЛАР

ҚФФ	«Қазақстан Футбол Федерациясы» Қауымдастығы» Заңды тұлғалар бірлестігі FIFA және UEFA мүшесі болып табылатын ҚР ұлттық футбол федерациясы (қауымдастығы)
FIFA	Халықаралық Футбол Қауымдастықтарының Федерациясы
UEFA	Еуропалық футбол қауымдастықтарының одағы
IFAB	Футбол ойнау ережелерін анықтайтын және өзгертетін Халықаралық футбол қауымдастығының кеңесі.
Ұлттық қауымдастық	FIFA мүшесі болып табылатын футбол қауымдастығы
Қазақстан Республикасының чемпионаты (ҚРЧ)	Премьер-Лига клубтары арасында ҚФФ өткізетін ресми футбол жарысы және ерлердің кәсіби футбол клубтары арасындағы бірінші деңгейдегі (ең жоғары деңгейдегі) жарыс.
Бірінші Лига біріншілігі (Біріншілік)	Бірінші Лига клубтары арасында ҚФФ өткізетін ресми футбол жарысы және ерлердің кәсіби футбол клубтары арасындағы екінші деңгейдегі жарыс
Екінші Лига біріншілігі	Екінші Лига клубтары арасында ҚФФ өткізетін ресми футбол жарысы және ерлердің кәсіби футбол клубтары арасындағы үшінші деңгейдегі жарыс.
Қазақстан Республикасының OLIMPBET–Кубогы (ҚР Кубогы)	ерлердің кәсіби футбол клубтары арасында ҚФФ өткізетін ресми футбол жарысы ҚФФ өткізетін ресми футбол жарысы
Клуб (футбол клубы)	FIFA, UEFA және ҚФФ нормалары мен ережелерін сақтайтын, FIFA, UEFA, ҚФФ ұйымдастыратын футбол жарыстарына қатысатын заңды тұлға
Ойыншы (футболшы)	ұлттық футбол қауымдастығында футболшы ретінде тіркелген және жарыстарға қатысуға өтінімде берілген жеке тұлға
Кәсіби ойыншы	клубпен еңбек шартына отырған және өзінің футболдық қызметі үшін (нақты шығындарынан айтарлықтай жоғары) ақы алатын ойыншы. Кәсіпқой емес ойыншылар әуесқой болып саналады.
Қазақстандық футбол тәрбиеленушісі (тәрбиеленуші)	Біріншілік регламентінің ережелеріне сәйкес анықталатын ойыншы
Легионер	Қазақстан Республикасының азаматы емес немесе Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдердің (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы) азаматы болып табылмайтын ойыншы.
Ресми тұлға	футбол субъектілері ұйымдарында ұйымдастырушылық-басқарушылық немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын барлық лауазымды тұлғалар, оның ішінде олардың басшылары (орынбасарлары), сондай-ақ басқару органдарының мүшелері, жаттықтырушылар, футбол төрешілері, инспекторлар, матч делегаттары, техникалық қызметкерлер, сондай-ақ FIFA, UEFA,

	ҚФФ техникалық, медициналық және әкімшілік мәселелерге жауапты өзге де тұлғалар, ҚФФ, лигалар немесе клубтар мүшелері, сондай-ақ ҚФФ құқықтық органдарының мүшелері.
Клубтың ресми тұлғасы	Біріншілікке қатысу үшін ҚФФ-да тіркелген (өтінім берген) клуб қызметкері
Матчтың ресми тұлғасы	Футбол төрешісі (төреші), көмекші төреші, резервтік төреші, матч инспекторы, яғни матчтың ұйымдастырылуына жауапты және төрешілер алқасының іс-әрекеттерін бағалайтын, сондай-ақ ҚФФ шешімі бойынша матч өткізуге қатысты жауапкершілік алатын кез келген басқа тұлғалар
Делегат	ҚФФ тарапынан матчтарды ұйымдастыру мен өткізуді бақылау үшін тағайындалатын жеке тұлға
Инспектор	матчтағы төрешілердің әрекетін бағалау үшін тағайындалған тұлға
Футбол төрешісі (төреші)	Ойын ережелері мен реттеуші құжаттарға сәйкес ойын барысын бақылау және басқару үшін тағайындалған тұлға
VAR	футбол ойынының ережелеріне сәйкес төрешілер бригадасы пайдаланатын матч эпизодтарының жедел бейне қайта қарау компьютерлік жүйесі.
VAR төрешісі	VAR жүйесі арқылы матч сәттерінің бейне қайта қарауын жүзеге асыратын жеке тұлға
VAR Операторы	Матч кезінде VAR жүйесін басқаратын жеке тұлға
Атқарушы комитет (Атқару комитеті)	ҚФФ-тың алқалық атқарушы басқару органы.
Жергілікті футбол федерациясы	әкімшілік-аумақтық бірліктер (облыс, республикалық маңызы бар қала, астана) шегінде футбол қызметін жүзеге асыратын және бақылайтын, жергілікті атқарушы органда аккредиттелген ҚФФ мүшесі. Жергілікті футбол федерациясы өз өңірінде футболды дамытуға және танымал етуге міндетті.
Футбол субъектілері	ҚФФ, ҚФФ мүшелері, жергілікті футбол федерациялары, футбол лигалары, футбол клубтары, футболға қатысты білім беру мекемелері/ұйымдары, ресми тұлғалар, ойыншылар, матч инспекторлары мен делегаттары, төрешілер, агенттер, жаттықтырушылар, жанкүйерлер (көрермендер) және олардың бірлестіктері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында футболға қатысты қызмет атқаратын өзге де тұлғалар.
Төрешілік және инспекциялау департаменті (ТИД)	ҚФФ құрылымдық бөлімшесі, ол футболдың барлық түрлері бойынша матчтарды төрешілік ету мен инспекциялауды ұйымдастырады, төрешілер мен инспекторларды іріктеп, тағайындайды, сондай-ақ ойын ережелерінің бірыңғай қолданылуын қамтамасыз етеді.
Құқықтық органдар	футбол субъектілерінің ойын ережелері мен FIFA, UEFA, ҚФФ, футбол лигаларының реттеуші құжаттарын бұзған фактілерін қарастырып, тәртіптік санкциялар қолданатын ҚФФ органдары.
Матч қатысушысы	футболшылар, клубтың ресми тұлғалары (жаттықтырушылар құрамы мен әкімшілік персонал, матч хаттамасына енгізілген тұлғалар).
Матч ұйымдастырушысы	өз алаңында Бірінші Лига біріншілігі матчын ұйымдастыру және өткізуге жауапты футбол клубы.
Клуб басшылығы	клубтың бірінші басшысы және оның барлық штаттық орынбасарлары.
Клубтың әкімшілік	өтінім парақтарына енгізілген, бірақ жаттықтырушылар құрамына

қызметкерлері	және клуб басшылығына кірмейтін клуб қызметкерлері.
Басты хабар таратушы	Бірінші Лига матчтарының теледидарлық/радио және интернет-трансляцияларын жасау құқығына ие компания.
Тәртіптік регламент	FIFA, UEFA, КФФ және футбол лигаларының реттеуші құжаттарында көрсетілген ережелерді бұзу фактілерін тіркейтін құжат, онда қолданылатын жазалар мен олардың шағымдану тәртібі, сондай-ақ шешім шығаратын органдардың ұйымдастырушылық құрылымы мен жұмыс тәртібі белгіленген.
Ойыншылардың мәртебесі мен ауысуы туралы регламент	КФФ ұйымдастыратын және өткізетін матчтар мен жарыстар үшін ойыншылардың мәртебесіне, олардың ұйымдастырылған футболға қатысу мүмкіндігіне, трансферіне және ұлттық қауымдастықтарға жіберілуіне қатысты жалпы және міндетті ережелерді анықтайтын құжат.
Техникалық регламент	футбол субъектілерінің матчтарды ұйымдастыру және техникалық қамтамасыз ету, сондай-ақ медиа іс-шараларды матчқа дейін, матч барысында және одан кейін өткізу тәртібін көрсететін құжат.
Реттеуші құжаттар	жарғылар, регламенттер, ережелер, директивалар, циркулярлар, ойын ережелері.
Ойын ережелері	IFAB қабылдаған (бекіткен) футбол ойынының ережелері.
Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық	ҚР Ішкі істер министрлігі мен ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің бірлескен бұйрығымен бекітілген спорттық және мәдени-бұқаралық іс-шаралардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулық.
FCMS (Football Championship Management System)	жарыстарды басқарудың электронды жүйесі, ол матч алдындағы және матчтан кейінгі құжаттаманы толтыру, матч күнтізбесін, турнир кестесін құру және матч қатысушыларының дисквалификацияларын есепке алу үшін қолданылады.
«А» өтінім парағы	Бірінші Лигаға қатысушы клубтың негізгі құрамдағы барлық ойыншыларының тіркеу мәліметтерін қамтитын құжат.
«А1» өтінім парағы	клуб командасының жаттықтырушылар құрамы мен әкімшілік персоналы туралы тіркеу мәліметтерін қамтитын құжат. Бұл параққа клуб басшылығы кірмейді.
«В» өтінім парағы	ҚР чемпионатына қатысатын клубтың жастар командасының барлық ойыншылары туралы тіркеу мәліметтерін қамтитын құжат.
«С» өтінім парағы	КФФ ұйымдастыратын балалар-жасөспірімдер (жастар) футбол жарыстарына қатысуға тіркелген клуб ойыншылары туралы мәліметтерді қамтитын құжат.
Стадион	Бірінші Лига матчтары өтетін спорттық нысан (спорттық кешен).
Ойын күнтізбесі	Бірінші Лига матчтарының ойын күндері мен қатысушы командалар жұптарының кестесі.
Маусым	КФФ белгілеген, кәсіби клубтар арасында ресми жарыстар (ҚР чемпионаты, Бірінші Лига біріншілігі, Екінші Лига біріншілігі, ҚР Кубогы, Суперкубок, Лига Кубогы) өтетін кезең.
Форс-мажор	табиғи дүлей апаттар, әскери іс-қимылдар, ұлттық және өндірістік ереуілдер, мемлекеттік органдардың тыйым салатын актілері, індеттер және т. б. сияқты жағдайлар, сондай-ақ ешқандай да бір көрегендік және шығындық шаралармен алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар
Регламент	2025 жылғы Бірінші Лига клубтары арасындағы Қазақстан

	Республикасының футбол біріншілігінің осы регламенті.
Жастар командасы	ҚР чемпионатына қатысатын клубтың 2004 жылы туған және одан кіші жастағы ойыншылардан құралған кәсіби жарыстарға қатысатын командасы.

Регламент ережелері сөздер мен тіркестердің таңдалуына қарамастан, әйел тегіне де, ерлер тегіне де бірдей қолданылады.
Регламент мәтінінде көрсетілген барлық атаулар мен анықтамалар олардың мағынасына нұқсан келтірмей, жекеше де, көпше түрде де қолданылуы мүмкін.
Регламенттегі барлық анықтамалар тек ыңғайлылық үшін жасалған және Регламенттің жекелеген ережелерінің құқықтық маңыздылығына әсер ете алмайды.
Сілтемелер сондай-ақ Ойыншылардың мәртебесі мен ауысуы жөніндегі регламенттің «Анықтамалар» тарауына жасалады.

1- БӨЛІМ. ҚР КУБОГЫНЫҢ АТАУЫ, ӨТКІЗІЛУ КҮНІ МЕН ОРНЫ

1.1. Спорттық жарыстың атауы: 2025 жылға Қазақстан Республикасының футбол бойынша OLIMPBET-Кубогы (бұдан әрі – ҚР Кубогы).

1.2. Спорттық жарыстың өткізілу мерзімі: 2025 жылғы наурыз-қыркүйек аралығы. Матчтардың өткізілу күндері ҚР Кубогы ойындарының күнтізбесінде белгіленген.

1.3. Спорттық жарыстың өткізілу орны: Қазақстан Республикасының аумағы.

1.3.1. ҚР Кубогы клубтар тарапынан мәлімделген және Біріншілікті өткізуге рұқсат берілген стадиондарда өткізіледі. Спорттық нысанның матчтар өткізуге жарамдылығын ҚФФ Лицензиялау департаменті анықтайды. Клуб стадион мен футбол алаңының жағдайына, сондай-ақ стадиондағы жарнамалық кеңістікті (ойын алаңының айналасындағы жарнамалық қалқандар мен баннерлер) пайдалануға қатысты ҚФФ-тың барлық талаптары мен нұсқауларын орындауға міндетті.

1.3.2. ҚР Кубогының матчтары футбол клубтары «негізгі стадион» ретінде тіркеген спорттық құрылғыларда өтуі тиіс. Ерекше жағдайларда, ойын күнтізбесінде қарастырылған матчтар футбол клубтары «қосалқы стадион» ретінде тіркеген спорттық құрылғыларда өткізілуі мүмкін. Клуб «қосалқы» ретінде тек бір ғана стадионды тіркей алады. «Қосалқы» стадионда матч өткізу мүмкіндігі туралы шешімді ҚФФ Лицензиялау комиссиясы қабылдайды. Тиісті рұқсат алу үшін клуб ҚФФ-ға ресми сұраныс жіберуі тиіс, ол алдағы матчқа дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын берілуі қажет. Егер «қосалқы» стадион матчқа дейінгі 15 күннен аз уақыт ішінде мақұлданбаса, матчты ұйымдастырушы 3 (үш) күн ішінде ҚФФ-пен матчтың өткізу орнын келісуі тиіс.

1.3.3. ҚР Кубогы маусымының әрбір матчын өткізуге стадион мен тиісті қызметтердің дайындығын матч инспекторы (болмаған жағдайда – матч төрешісі) ұйымдастыру жиналысының қорытындысы мен Қауіпсіздік қамтамасыз ету нұсқаулығының талаптарын ескере отырып растайды.

1.3.4. ҚР Кубогы матчтары өтетін стадион ҚФФ-тың стадион инфрақұрылымына қойылатын Регламент талаптарына және ҚР СТ 3831-2022 «Табиғи және жасанды жабындысы бар футбол алаңдары. Құрылғыға және пайдалануға қойылатын талаптар» Ұлттық стандартына толық сәйкес келуі тиіс, сондай -ақ, келесіге ие болуы керек:

1) матч қатысушылары үшін қауіпсіз кіру және шығу жолдары;
2) Ойын ережелеріне сәйкес келетін футбол алаңы;
3) оңай орнатылатын қосалқы қақпалар;
4) футбол алаңының бүкіл периметрі бойынша қалқанды жарнамалық құрылымдар;
5) командалардың атауы мен матчтың есебі көрсетілетін ақпараттық табло;
6) жеке орындықтары бар көрермендерге арналған орындар;
7) мүмкіндігі шектеулі көрермендерге арналған құрылғылар;
8) қонақ клубтың сұранысы бойынша ресми тұлғалар мен өкілдерге (демеушілер, серіктестер және т.б.) арналған 20-дан аспайтын тегін көрермен орны, қонақ клуб жанкүйерлеріне арналған секторларды қоспағанда, олардың кемінде екеуі құрметті қонақтарға арналған орындардан берілуі керек (VIP, бас ложа) (бас ложаның сыйымдылығына байланысты қонақ клубқа бір орын берілуі мүмкін);
9) қонақ клуб жанкүйерлері үшін жеке қорғалған секторға (секторларға) билеттер. Бөлінген сектордың (секторлардың) сыйымдылығы стадионның жалпы сыйымдылығының кемінде 5%-ын құрауы тиіс;
10) БАҚ өкілдеріне арналған жабдықталған орындар (ложалар);
11) ойыншыларға арналған киім ауыстыратын бөлмелер;
12) ҚФФ-тың қолданыстағы инфрақұрылымдық критерийлеріне сәйкес келетін төрешілерге арналған киім ауыстыратын бөлме;
13) алғашқы медициналық көмек көрсету пункті;

14) инспекторға арналған бөлме;

15) делегатқа арналған бөлме;

16) ҚФФ бекіткен нысан мен мазмұнға сәйкес міндетті түрде жарнамалық құрылымы бар, матчтан кейінгі баспасөз конференцияларын өткізуге арналған жабдықталған бөлме;

17) ойыншылардың, төрешілердің және матчтың ресми тұлғаларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында футбол алаңына арналған қорғаныш телескопиялық шығу жолы (жер асты немесе басқа да туннель болмаған жағдайда);

18) клубтың ресми тұлғалары мен қосалқы ойыншыларына арналған әр команда үшін көрермендердің футбол алаңын көруіне кедергі келтірмейтін техникалық аймақ шегінде қарастыратын кемінде 19 орындық сыйымдылығы бар орындар;

19) клубтың ресми тұлғалары мен қосалқы ойыншыларына арналған орындардың үстінде қорғаныс күмбезі;

20) матч инспекторы үшін трибунада жабдықталған орын (үстел, орындық, күмбез);

21) ҚР Кубогы матчтарын түсіруге арналған орындар;

22) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы мен ҚФФ туы бар флагштоктар (ҚФФ қамтамасыз етеді). Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының өлшемі 1,5х3 м болуы тиіс;

23) резервтегі төрешіге арналған қорғаныс күмбезі бар жабдықталған орын;

24) ҚР Кубогы матчтарының интернет-трансляциясын Техникалық регламент ережелеріне сәйкес жүргізуге қажетті барлық жағдайлар.

1.3.5. Ұйымдастыру жиналысында клубтар мен матчтың ресми тұлғалары алаңды суару мәселесін талқылауы тиіс. Алаңды суару командалар алаңға шықпас бұрын аяқталуы қажет. Одан кейін суару тек командалардың жаттығуы аяқталғаннан кейін (матч басталуына 15 минут қалғанда) және/немесе матчтың үзілісінде жүзеге асырылуы мүмкін. Суару бүкіл алаңды біркелкі 5 минуттан аспауы қамтуы керек. Алаңды суару қажеттілігі туралы соңғы шешімді матч делегатымен келісе отырып, Матч ұйымдастырушысы қабылдайды. Төреші ауа райы жағдайлары мен алаң күйіне байланысты суару кестесін өзгертуге немесе тоқтатуға құқылы.

1.3.6. ҚР Кубогы матчын «қосалқы стадионда» өткізу кезіндегі инфрақұрылымдық критерийлерге қойылатын талаптарды ҚФФ Лицензиялау департаменті айқындайды.

1.3.7. ҚР Кубогы матчтарын ҚФФ, FIFA және UEFA талаптары мен шарттарын толық орындаған жағдайда жасанды жабындысы бар алаңдарда өткізуге рұқсат етіледі.

2-БӨЛІМ. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, ҚР КУБОГЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ

2.1. ҚР Кубогына тек ҚФФ, UEFA жарыстарына қатысуға лицензиялау рәсімінен өткен және тиісті рұқсатты (лицензияны) алған FIFA, UEFA, ҚФФ реттеуші құжаттарының талаптарын сақтауға және орындауға міндетті клубтар ғана қатыса алады.

2.2. 2.2. ҚР Кубогының міндетті қатысушылары:

2.2.1. ҚРЧ-ға қатысушы барлық клубтар;

2.2.2. ҚРЧ-ға қатысушы клубтардың жастар командаларынан басқа 2025 жылғы маусымның Бірінші Лига Біріншілігіне қатысушы барлық клубтар;

2.2.3. ҚРЧ-ға қатысушы клубтардың жастар командаларынан басқа 2025 жылғы маусымның Екінші лига біріншілігіне қатысушы барлық клубтар.

ҚР Кубогына тек бір ғана негізгі құрамдағы футбол командасы қатыса алады.

2.3. ҚР Кубогының тұрақтылығын және әділ ойын қағидатын сақтау мақсатында, бір футбол клубының екі немесе одан да көп командасының, сондай-ақ бір жеке немесе заңды тұлғаның бақылауындағы (иелігіндегі) командалардың бір уақытта қатысуына жол берілмейді.

2.4. ҚР Кубогы 5 (бес) кезеңде өткізіледі (алдын ала кезең, 1/8 финал, 1/4 финал, 1/2 финал, финал). Белгілі бір кезеңде жеңілген команда ҚР Кубогынан шығады. Белгілі бір кезеңде жеңіске жеткен команда келесі кезеңге өту құқығына ие болады. Финалдық матчта жеңіске

жеткен команда ҚР Кубогының иегері (жеңімпазы) атанады. Қарсылас командалар жеребе арқылы анықталады.

2.5. ҚР Кубогының алдын ала кезеңіне Бірінші лига мен Екінші лига Біріншіліктеріне қатысушы клубтар қатысады. Алдын ала кезеңнің форматы, өткізу орны мен мерзімі ҚФФ тарапынан анықталады. Алдын ала кезеңнің қорытындысы бойынша 2 (екі) футбол клубы ҚР Кубогының 1/8 финалына қатысу құқығына ие болады.

2.6. Алдын ала кезеңде жеңімпаз бір матчтың нәтижесі бойынша анықталады. Егер матчтың нәтижесінде жеңімпаз анықталмаса, онда жеңімпаз Футбол ойынының ережелеріне сәйкес 11 метрлік белгіде айып добын орындау арқылы анықталады.

2.7. 1/8 финал, 1/4 финал және финал кезеңдерінде жеңімпаз бір матчтың нәтижесі бойынша анықталады. 1/2 финал кезеңінде жеңімпаз 2 (екі) матчтың нәтижесі бойынша анықталады. Егер матч нәтижесі бойынша жеңімпаз анықталмаса немесе 1/2 финал кезеңінде екі матчтың қорытындысы бойынша жеңімпаз анықталмаса, онда Футбол ойынының ережелеріне сәйкес қосымша уақыт белгіленеді. Егер қосымша уақыттан кейін де жеңімпаз анықталмаса, жеңімпаз 11 метрлік белгіде айып добын орындау арқылы анықталады.

3-БӨЛІМ. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ АНТИДОПИНГТІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

3.1. Ойын ұйымдастырушысы матч басталғанға дейін кемінде бір сағат бұрын және матч бойы медициналық персоналы бар және қажетті реанимациялық жабдықтармен, оның ішінде дефибриллятор және өкпені жасанды желдету аппараты бар жедел жәрдем көлігінің болуын қамтамасыз етуге міндетті. Жедел жәрдем көлігі стадионнан барлық көрермендер, командалар және ресми тұлғалар шыққаннан кейін ғана кетуге рұқсат етіледі. Реанимобиль стадионға келмеген жағдайда матч өткізуге тыйым салынады.

3.2. Медициналық, оның ішінде реанимациялық жабдықтардың болуы және жұмыс істеуі матч басталғанға дейін Қабылдаушы Клубтың дәрігерлері тарапынан Матч Инспекторының қатысуымен тексеріледі. Егер жабдықтардың толық емес болуы немесе шұғыл медициналық көмекті қиындататын басқа жағдайлар анықталса, Қабылдаушы Клубтың дәрігері бұл туралы Инспекторға хабарлауға міндетті. Инспектор тиісті шараларды қабылдауға міндетті.

3.3. Міндетті допинг бақылауы Халықаралық Олимпиада комитеті мойындаған, допингке қарсы күрес жүргізетін халықаралық ұйым белгілеген спорттық жарысқа қатысушыларды тестілеуге арналған халықаралық стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

4-БӨЛІМ. БІРІНШІЛІККЕ ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМДЕРІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ

ҚР Кубогына қатысу үшін өтінім беру тәртібі мен мерзімдері

4.1. ҚР Кубогына қатысуға өтінімдер командалардың ҚРЧ, Бірінші лига біріншілігі және Екінші лига біріншілігіне қатысуына негізделе отырып, автоматты түрде қалыптастырылады. ҚР Кубогына қатысу үшін жеке өтінім беру қарастырылмаған.

Қаржылық шарттар

4.2. Өтінім жарнасы клубқа тек қана ҚР Кубогына қатысу және оған рұқсат алу құқығын береді және де консультациялық немесе басқа да қызметтерді қамтымайды.

4.3. ҚР Кубогының финалдық матчына қатысушы клубтар матч өтетін жерге бару және қайту жол шығындарын, сондай-ақ тамақтану мен тұруға байланысты шығындарды өздері көтереді. Сонымен қатар, клубтар ҚР Кубогының финалдық матчын ұйымдастырумен байланысты қосымша шығындарды да көтеруі мүмкін.

4.4. ҚФФ ҚР Кубогы матчтарына төрешілер мен инспекторларды тағайындауға байланысты келесі шығындарды өтейді:

4.4.1. Матч өтетін жерге бару және қайту жол шығындары;

4.4.2. Жолда тамақтану шығындары, қолданыстағы нормативтік актілерге сәйкес;

4.4.3. Матч өтетін қалада (немесе елді мекенде) тұру және тамақтану шығындары.

4.5. ҚФФ тарапынан матчтарды төрелік ету және инспекциялау қызметтері үшін төленетін сыйақылар келесі мөлшерде жүзеге асырылады (бір матч үшін есептегенде):

4.5.1. Бас төреші – 713 514 (жеті жүз он үш мың бес жүз он төрт) теңге;

4.5.2. Төрешінің ассистенті – 396 396 (үш жүз тоқсан алты мың үш жүз тоқсан алты) теңге (әрқайсысына);

4.5.3. VAR төрешісі – 339 769 (үш жүз отыз тоғыз мың жеті жүз алпыс тоғыз) теңге;

4.5.4. VAR төрешісінің ассистенті – 283 140 (екі жүз сексен үш мың жүз қырық) теңге;

4.5.5. VAR операторы – 155 725 (жүз елу бес мың жеті жүз жиырма бес) теңге;

4.5.6. Резервтік төреші – 62 292 (алпыс екі мың екі жүз тоқсан екі) теңге;

4.5.7. Инспектор – 254 826 (екі жүз елу төрт мың сегіз жүз жиырма алты) теңге;

4.5.8. ТВ инспектор – 43 560 (қырық үш мың бес жүз алпыс) теңге.

4.6. Матч делегаты көрсететін қызметтер үшін ҚФФ төлейтін сыйақы мөлшері 90 000 (тоқсан мың) теңгені құрайды (бір матч үшін).

4.7. Матчтың ресми тұлғаларының жол жүруі әуе көлігімен жүзеге асырылады. Егер елді мекендер арасында әуе қатынасы болмаса, онда теміржол немесе автокөлікпен (соның ішінде жанар-жағармай шығындарын өтеу/төлеу) жол жүру шығындарын өтеуге рұқсат етіледі.

төлеген жарналар қайтарылмайды және олар ҚФФ-ның жарғылық мақсаттарына бағытталады.

5-БӨЛІМ. ЧЕМПИОН МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРДІ МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ

ҚР Кубогы жеңімпазы мен жүлдегерлерін марапаттау

5.4. Финалдық матчта жеңіске жеткен клубқа «OLIMPBET – Қазақстан Республикасының 2025 жылғы футбол маусымының Кубогының иегері» атағы беріледі. Клуб ауыспалы кубокпен және дипломмен марапатталады. Клубтың ойыншылары мен ресми тұлғаларына «OLIMPBET – Қазақстан Республикасының 2025 жылғы футбол маусымының Кубогының иегері» атағы беріледі, сондай-ақ олар медальдармен (қосымша сұраныс бойынша – дипломдармен) марапатталады.

5.5. ҚР Кубогы финалдық матчында екінші және үшінші орын алған клубтар дипломдармен марапатталады. Клубтың ойыншылары мен ресми тұлғалары сәйкесінше күміс медальдармен (қосымша сұраныс бойынша дипломдармен) марапатталады.

5.6. Әр командадағы марапатталатын тұлғалардың жалпы саны – 45 адамнан аспауы тиіс.

5.7. Клубтар ҚФФ-пен жасалған сақтау туралы келісімшарттарға сәйкес өздеріне тапсырылған марапаттардың сақталуына жауапты болады.

6-БӨЛІМ. НАРАЗЫЛЫҚ ТАПСЫРУ ЖӘНЕ ҚАРАСТЫРУ ТӘРТІБІ, БАСҚА ДА ШАРТТАР

Наразылық тапсыру және қарастыру тәртібі

6.1. Клубтарға, ресми тұлғаларға, ойыншыларға және футболдың басқа да субъектілеріне тәртіптік санкциялар ҚФФ-тың құқықтық органдары тарапынан Тәртіптік регламентке, Этика кодексіне және басқа да ҚФФ ережелеріне сәйкес (бұдан әрі – «ҚФФ тәртіптік ережелері») қолданылады.

6.2. Наразылықты БДЭК қарастырылады. Наразылық тапсыру және оны қарастыру тәртібі ҚФФ Тәртіптік регламентімен реттеледі.

ҚР Кубогын өткізудің мақсаттары

6.3. ҚР Кубогының өткізілу мақсаты:

1) Қазақстан Республикасында футболды дамыту;

2) ойыншылардың шеберлік деңгейін арттыру;

3) Қазақстан ұлттық құрамалары мен клубтарының халықаралық жарыстарда сәтті өнер көрсетуіне дайындық жүргізу;

4) қазақстандық футболды жанкүйерлер, қоғам, БАҚ және бизнес қауымдастығы арасында насихаттау;

5) футбол әуесқойларының бос уақытын ұйымдастыру;

6) ҚР Кубогы жеңімпазы мен жүлдегерлерін анықтау.

ҚР чемпионатын ұйымдастыру және өткізу

6.4. ҚР Кубогын ұйымдастырылуын және өткізілуін Қазақстан Республикасында футбол бойынша жалғыз аккредиттелген республикалық спорт федерациясы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиада комитетімен танылған ұйым, сондай-ақ FIFA және UEFA-ның Қазақстандағы жалғыз мүшесі ретінде ҚФФ бақылайды.

6.5. ҚР Кубогын ұйымдастыру, басқару және оның өткізілуін бақылау міндеттері ҚФФ-қа жүктеледі.

6.6. ҚФФ ҚР Кубогын ұйымдастырумен байланысты келесі өкілеттіктерге ие:

1) ҚР Кубогының ресми атауы мен символикасын бекіту, сондай-ақ оның оперативтік басқарылуын қамтамасыз ету;

2) Регламент талаптарын әзірлеу, келісу және оның орындалуын бақылау;

3) ҚР Кубогы ойындарының күнтізбесін әзірлеу және бекіту;

4) ҚР Кубогы төрешілігін және инспекциясын қамтамасыз ету, соның ішінде, матчтарға төрешілер мен инспекторларды тағайындау, төрешілер мен инспекторларға қызметтері үшін төлем жасау;

5) ҚР Кубогына қатысу үшін футбол клубтарын лицензиялау;

6) ҚР Кубогы матчтарын өткізетін спорттық нысандарды лицензиялау;

7) ҚР Кубогы өткізу барысында жасалған бұзушылықтар үшін Біріншілік қатысушыларына тәртіптік санкциялар қолдану;

8) ҚР Кубогы матчтарының нәтижелерін тіркеу және қорытындыларын бекіту;

9) Футбол клубтары, ойыншылар және клубтардың ресми тұлғалары арасындағы қақтығыстар мен дауларды шешу;

10) ҚР Кубогына қатысушыларға қолданылатын айыппұл санкцияларын мақсатты пайдалану тәртібін анықтау;

11) ҚР Кубогының ресми және өзге де демеушілері мен серіктестерін тағайындау;

12) ҚР Кубогы матчтарына делегаттарды тағайындау және олардың матч қызметтері үшін сыйақы төлеу;

13) ҚР Кубогын өткізу барысында пайдаланылатын құжаттар үлгілерін бекіту (матч хаттамасы, делегат рапорты, өтінім парағы, ҚР Кубогына қатысушының өтініші және т.б.);

14) ҚР Кубогының тұтастығына қауіп төндіруі немесе футболдың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін барлық әдістер мен әрекеттердің алдын алу;

15) Антидопинг талаптарының сақталуын қамтамасыз ету және ҚР Кубогын өткізудің қауіпсіздік деңгейін арттыру;

16) Футболдағы кез келген түрдегі кемсітушілік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұру;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасына, ҚФФ Жарғысына және Регламентке сәйкес Біріншілікті ұйымдастырушының басқа да өкілеттіктерін жүзеге асыру.

Қазақстандық футболдың тәрбиеленушісі

6.7. Қазақстандық футболдың тәрбиеленушісі деп 12 жастан бастап 21 жасқа дейінгі аралықта (ойыншының 12 жасқа толған маусымының басынан бастап, 21 жасқа толған маусымының соңына дейін) кемінде үш толық спорт маусымында Қазақстан Республикасының

кез келген футбол клубында және/немесе спорт мектебінде тіркелген ойыншы танылады (бұдан әрі – Тәрбиеленуші).

6.8. Егер ойыншының тіркелуіне қатысты мәліметтер жоқ болса, онда Тәрбиеленуші деп Қазақстандық клубқа ауысу үшін халықаралық трансферлік сертификаты берілмеген ойыншы саналады.

6.9. Тәрбиеленушілерге, сондай-ақ, осы Регламенттің 6.7. және 6.8. тармақтарының әрекетіне жатпайтын, бірақ төменде көрсетілген талаптардың кемінде біреуіне сәйкес келетін ойыншылар да теңестіріледі:

1) Қазақстанның жасөспірімдер (U-17, U-19), жастар (U-21) немесе ұлттық құрамасы сапында ресми матчтарға (Әлем және/немесе Еуропа чемпионатының іріктеу және/немесе финалдық кезең матчтары, УЕФА Ұлттар Лигасы) қатысқан ойыншылар.

Егер осы тармаққа сәйкес келген ойыншы азаматтығын өзгертуіне байланысты Қазақстан құрамаларында ойнау құқығынан айырылса, ол «Қазақстандық футбол тәрбиеленушісі» мәртебесінен автоматты түрде айырылады.

Егер осы тармаққа сәйкес келген ойыншы FIFA немесе Спорттық арбитраж сотының (CAS) шешімімен Қазақстан құрамаларында ойнау құқығынан айырылса, онда оның тәрбиеленуші мәртебесі FIFA/CAS шешімі жарияланған күннен кейінгі Қазақстандағы бірінші тіркеу-трансфер кезеңіне дейін сақталады. Трансферлік кезеңнің бірінші күні бұл ойыншы «Қазақстандық футбол тәрбиеленушісі» мәртебесінен айырылады.

2) Қазақстан Республикасының азаматтары, «Қазақстандық футбол тәрбиеленушісі» түсінігі енгізілген сәтте (2014 жылғы қараша) Қазақстан азаматы болып, ҚФФ-та ойыншы ретінде тіркелгендер.

6.10. Тәрбиеленуші мәртебесін тексеру кезінде ҚФФ сұранысы бойынша футбол клубтары қосымша құжаттар (Қазақстан Республикасы азаматтығын растайтын құжат, мекенжай анықтамасы, туу туралы куәлік, оқу орындарынан анықтама және т.б.) ұсынуға міндетті.

ҚР Кубогын өткізу шарттары

6.11. Матч ұзақтығы – екі тайм, әрқайсысы 45 минуттан, үзіліс ұзақтығы – 15 минут.

6.12. ҚР Кубогы матчтарында бір команда құрамында матч хаттамасына енгізілетін ойыншы саны 11 негізгі ойыншы және 12 қосалқы ойыншы аспауы тиіс.

6.13. Матч кезінде ойын ережелеріне сәйкес белгіленген техникалық аймақта арнайы бөлінген орындарда тек «А1» және «В1» тізімдеріне енгізілген клубтың ресми тұлғалары болуға құқылы. Матч кезінде техникалық аймақта бір мезгілде орналасатын клубтың ресми тұлғаларының жалпы саны 7 адамнан аспауы тиіс. Матч хаттамасына команданың бас бапкері (немесе оның міндетін атқарушы тұлға) мен команданың дәрігері міндетті түрде енгізілуі қажет (және олар төтенше жағдайларды қоспағанда матч барысында техникалық аймақта үнемі болуы тиіс).Матч кезінде техникалық аймақта хаттамаға енгізілмеген тұлғалардың және дисквалификацияланған ойыншылардың болуына жол берілмейді. Техникалық аймақта бөгде адамдардың болуына резервтік төреші жауапты.

6.14. ҚР Кубогы матчы барысында бір команда құрамында матч хаттамасына енгізілген 5 ойыншыдан артық алмастыруға рұқсат етілмейді. Әр команда ойыншыларды алмастыру үшін ойын барысында үш реттен артық үзіліс жасай алмайды және/немесе үзіліс уақытын пайдалана алады.

6.15. 2004 жылы туған және одан кіші, Қазақстан Республикасының азаматы әрі Тәрбиеленуші болып табылатын, сондай-ақ ҚФФ өткізетін жарыстардың біріне тіркелген кез келген ойыншы өзі тіркелген футбол клубы қатысатын басқа ҚФФ жарысына да қатыса алады. Осы тармақтың ережелері тек егер командалар бір заңды тұлға (футбол клубы) құрылымына кіретін болса және ҚФФ жарыстарының регламенттерімен белгіленген барлық басқа талаптар сақталатын жағдайларда қолданылады.

6.16. Егер ҚР Кубогы матчына тиісті тәртіпте тіркелмеген немесе дисквалификацияланған ойыншы қатысқан жағдайда (осы тармаққа қатысты жағдайда ғана Матчқа қатысу деп

Футболшының ойын алаңына шығуы есептеледі), матч нәтижесі жойылады, ал аталған ойыншыны алаңға шығарған командаға Тәртіптік регламентке сәйкес санкциялар қолданылады.

Матчқа қатысу фактісі ойыншының төреші рұқсатымен алаңға шығуы мен осы факті төрешінің матч хаттамасында тіркелуі негізінде анықталады.

6.17. Клуб өкілдері ҚРЧ матчы басталғанға дейін кемінде 60 минут бұрын FCMS жүйесіне алдағы матчқа арналған өтінімді енгізуге міндетті (бастапқы құрам, қосалқы ойыншылар, жаттықтырушылар штабы және команданың персоналы). Матч басталғанға дейін, егер ойыншы кенеттен жарақат алса немесе өзін нашар сезінсе, FCMS жүйесінде тіркелген ойыншы(лар)ды ауыстыруға рұқсат етіледі. Бұл жағдайда негізгі құрамдағы ойыншы қосалқы ойыншылардың бірімен алмастырылады. Электрондық хаттама жүйесінде бұл ауыстыруларды тек резервтік төреші енгізе алады. Осы тармаққа сәйкес матч басталғанға дейін жасалған ауыстырулар Регламенттің 6.20-тармағында көзделген жалпы ауыстыру санына әсер етпейді. Резервтік төреші жасалған ауыстырулар туралы матч делегатын және қарсылас команданың өкілін хабардар етеді. Матч делегаты тиісті команданың дәрігерінен ойыншыны матч басталғанға дейін ауыстыру себептерін түсіндіретін жазбаша түсініктеме талап етуі тиіс.

6.18. ҚР Кубогы матчтары бекітілген ойын күнтізбесіне сәйкес өткізіледі. ҚР Кубогы матчтарының күнтізбесін ҚФФ Атқарушы комитеті бекітеді.

6.19. Командалар ойын формасының түстерін маусымға тіркелген форма жиынтықтарының ішінен таңдап, матч өтетін күнге дейін 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын ҚФФ-мен келісуі тиіс. Ойын формасының түс гаммасы мен контрастында айтарлықтай айырмашылық болуы қажет. Ойын формасының түстерін таңдаудың басымдық реті келесідей анықталады: 1 – қабылдаушы клубтың командасы, 2 – қонақ клубтың командасы, 3 – қабылдаушы клубтың қақпашысы, 4 – қонақ клубтың қақпашысы. Қақпашылардың формасы екі команданың ойыншыларынан және бір-бірінен ерекшеленуі тиіс.

Ойын формасы Ойын ережелерінің талаптарына сәйкес болуы керек.

6.20. Командалар ҚР Кубогы матчы өтетін стадионға матч басталу уақытына дейін кемінде 75 (жетпіс бес) минут бұрын келуге міндетті.

6.21. Егер команда форс-мажорлық жағдайларға байланысты ҚР Кубогы матчы өтетін орынға белгіленген уақытта келе алмаса (футбол алаңына шықпаса), матч ұйымдастырушысы матчты сол күні өткізу үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауы керек. Команда белгіленген уақытқа келе алмайтын болса, бұл туралы матчтың ресми тұлғаларын, қарсылас клубты және ҚФФ-ны дереу хабардар етуге міндетті. Матчтың ресми басталу уақытынан 60 (алпыс) минут өткен соң, делегат (төреші болмаған жағдайда) бұл жағдай туралы ҚФФ-ға хабарлап, шешім қабылдау үшін мәлімет береді. Басқа жағдайларда, егер команда ресми матч басталған уақыттан кейін бір сағат ішінде футбол алаңына шықпаса, бұл келмеу (неявка) ретінде қарастырылады. Матчтың делегаты және төрешісі матчтың ресми құжаттарын (хаттама, делегаттың есебі) толтырып, оларды ҚФФ-ға жіберуге міндетті. Басқа жағдайларда, егер команда ресми матч басталған уақыттан кейін бір сағат ішінде футбол алаңына шықпаса, бұл келмеу (неявка) ретінде қарастырылады. Матчтың инспекторы және төрешісі матчтың ресми құжаттарын (хаттама, инспектордың есебі) толтырып, оларды ҚФФ-ға жіберуге міндетті.

6.22. Егер команда матчқа келмесе, клубқа Тәртіптік регламентке сәйкес санкциялар қолданылады. Сонымен қатар, қарсылас клубқа (ұсынылған ресми құжаттар негізінде) матчты ұйымдастыруға байланысты кеткен шығындар (қонақүй брондау, көлік, жол жүру билеттері және басқа шығындар) өтеледі. Бұл жағдай бойынша материалдар ҚФФ-ның уәкілетті органына клубтың лицензиясын қайтарып алу мәселесін қарау үшін жіберіледі.

6.23. ҚР Кубогына қатысатын клубтар өз алаңында («үйде») өткізілетін матчтардың тікелей ұйымдастырушылары болып табылады және осы Регламентке сәйкес матчтарды және трансляцияны ұйымдастыру және қамтамасыз етпеу немесе тиісті түрде қамтамасыз етпеу үшін жауап береді.

6.24. Матч ұйымдастырушысы ҚР Кубогы матчын дайындау және өткізу үшін қажетті келесі шарттарды қамтамасыз етуге міндетті:

1) матчтың ресми тұлғаларына вокзалдан қонақүйге және кері, стадионға және кері тасымалдау үшін жайлы көлік;

2) құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тарту арқылы қоғамдық тәртіпті сақтау;

3) матч кезінде стадионда диктордың болуы;

4) командалар алаңға шыққан кезде ҚФФ ұсынған музыкалық сүйемелдеуді ойнату;

5) Біріншілік матчтары кезінде (үзілістен басқа) алаңға тікелей жақын аймақтарда ұйымдастырылған шу (оркестрлер, әртістер және т.б.) болмауын қамтамасыз ету;

6) төрешілер бригадасының стадион аумағында полиция немесе жеке күзет құрылымдарының күшімен жүруін қамтамасыз ету. Қонақ клубтың жазбаша өтініші бойынша немесе матч инспекторының талабы бойынша қонақ командасының автобусын полицияның еріп жүру көлігімен қамтамасыз ету, сондай-ақ матч ресми тұлғаларына матч өткізілетін елді мекенде тұрақты күзет қамтамасыз ету;

7) матч басталуына кемінде 30 минут қалғанда және матч бойы өрт сөндіру құралдарымен жабдықталған өрт сөндіру машинасының және оның экипажының стадионда болуы. Өрт сөндіру машинасы стадионнан тек барлық көрермендер шыққаннан кейін ғана кетеді;

8) ойыншыларды алмастыру үшін 2 (екі) жұмыс істейтін электрондық таблоның болуы;

9) кемінде 4 (төрт) адамнан тұратын медициналық персоналдың эвакуациялық көлікпен немесе зембілмен қамтамасыз етілуі;

10)аккредиттелген фототілшілерге арналған арнайы жилеттер. Жилеттердің дизайны ҚФФ-мен келісіледі;

11)ойыншылар мен матчтың ресми тұлғалары үшін сусындар мен жемістер;

12)матч өткізу үшін ҚФФ-ның ресми 10 (он) добы;

13)матчқа кемінде 10 (он) адамнан тұратын, спорттық форма және ойыншылар мен төрешілер бригадасының формасынан түстері ерекшеленетін жилеттер (манишка) киген доп берушілерді қамтамасыз ету;

14)төрешілер бөлмесіне бөгде адамдардың кіруіне тыйым салу. Бұл бөлмеде тек матчты жүргізетін төрешілер мен матч инспекторы ғана бола алады. Ойынға қатысатын клубтардың ресми тұлғалары төрешілер бөлмесіне тек матч аяқталғаннан кейін және инспектордың рұқсатымен кіре алады;

15)командалар мен төрешілердің келу және кету аймақтарын, спорт аймағын, сондай-ақ төрешілер мен инспектор пайдаланатын бөлмелерді қорғауды қамтамасыз ету;

16)Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықтың сақталуын қамтамасыз ету;

17)ҚФФ ұсынған жарнамалық материалдарды (Коммерциялық регламентпен белгіленген матч алдындағы атрибуттарды орналастыру схемасына сәйкес) өз күшімен орналастыруды қамтамасыз ету, оның ішінде матч басталғанға дейін кемінде 10 (он) минут бұрын ҚФФ эмблемасы бар, диаметрі 18,3 м болатын баннерді ойын алаңының орталық шеңберіне шығару. Бұл баннерде Біріншіліктің титулдық демеушісі (серіктесі) туралы ақпарат болуы мүмкін. Баннер толық ашылған күйінде шығарылады және командалардың ресми сәлемдесуі аяқталғаннан кейін алаңнан алынады. Егер ҚФФ клубқа осындай баннерді ұсынбаса, клуб орталық шеңберге өз эмблемасы бар баннерді шығаруға құқылы, бірақ бұл баннерде клубтың демеушілері (серіктестері) туралы жарнамалық және ақпараттық материалдар болмауы тиіс.

18)Ойын ережелеріне сәйкес VAR жүйесі жұмысын қамтамасыз ету.

6.25. Матч ұйымдастырушысы қонақ клубқа тегін түрде ұсынады:

1) команда мүшелерін вокзалдан (әуежайдан) қонақүйге және кері қайтару үшін, матч алдындағы жаттығу күні қонақүйден стадионға және кері қайтару үшін, матч күні стадионға және кері қайтару үшін кемінде 50 орындық жайлы «люкс» санатындағы автобус;

2) багажды тасымалдауға арналған көлік (сұраныс бойынша);

3) матчтың ресми тұлғаларына, жаттықтырушылар құрамына және қонақ клубтың техникалық персоналына матч алдында, матч кезінде және одан кейін стадионда қозғалу үшін аккредитация;

4) матч алдындағы жаттығуды өткізу үшін:

- Ұзақтығы бір сағатқа дейін ҚР Кубогының матчы өтетін қажетті жабдықталған футбол алаңы. Егер қонақ клуб басқа уақытта өткізуді таңдамаған жағдайда, жаттығу матч күніне дейінгі күні ойын уақытына болуы тиіс. Келуші клубтың өтініші бойынша жаттығу стадионда бөгде адамдардың қатысуынсыз жүргізілуі тиіс (матч делегаты мен БАҚ өкілдері үшін ашық алғашқы 15 минутты қоспағанда);;
- ҚФФ-тің ресми доптары – кемінде 15 дана;
- газсыз ауыз су – шектеусіз мөлшерде (сұраныс бойынша);
- кемінде 23 сүлгі;
- қонақ клубтың сұранысы бойынша ресми тұлғалар мен өкілдерге (демеушілер, серіктестер және т.б.) 20-дан аспайтын тегін көрермен орны, қонақ клубтың жанкүйерлеріне арналған секторлардан басқа, олардың кемінде екеуі құрметті қонақтарға (VIP, бас ложа) берілуі тиіс (бас ложаның сыйымдылығына байланысты қонақ клубқа бір орын берілуі мүмкін). Жазбаша сұраныс матч өткізілетін күнге дейін кемінде үш (3) күнтізбелік күн бұрын жолдануы керек;
- қонақ клубтың жанкүйерлері үшін бөлек қорғалған сектор(лар)ға билеттер. Бұл бөлінген сектор(лар) жалпы стадион сыйымдылығының кемінде 5%-ын құрауы тиіс.

6.26. Клубтар барлық ойыншылардың тереңдетілген медициналық тексеруден өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

6.27. Матч ұйымдастырушысы матч өткізілетін күннен кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын ҚФФ пен қонақ клубты таңдалған ойын формасының түсі (қақпашының формасын қоса алғанда) туралы ресми түрде хабардар етуге міндетті.

6.28. Қонақ клуб матчқа келетін күннен кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын матч ұйымдастырушысына және ҚФФ басшылығына келу және кету күнін, уақытын, жаттығу уақытын, ұйымдасқан жанкүйерлер санын және таңдалған ойын формасының түсін (қақпашының формасын қоса алғанда) жазбаша түрде хабарлауға міндетті. Қонақ клубтың ойын формасы матч ұйымдастырушысы таңдаған ойын формасынан (оның ішінде гетра шұлықтары мен шолақ шалбарлар) түстік гамма мен контраст бойынша айтарлықтай ерекшеленуі тиіс. Келу және кету күні туралы уақытында хабарланбаған жағдайда, орналастыру бойынша шағымдар қабылданбайды. Қабылдауды ұйымдастыруға байланысты шағымдар туындаған жағдайда, қонақ клубтың уәкілетті өкілі бұл туралы ҚФФ басшылығына жазбаша түрде хабарлайды.

6.29. Матч ұйымдастырушысы ҚФФ талабы бойынша ҚФФ ұйымдастыратын жарыстардың демеушілері туралы жарнамалық тақтайшалар мен материалдарды орналастыруды қамтамасыз етуге міндетті.

6.30. Матчқа қатысатын командалардың өкілдері (қауіпсіздік жөніндегі қызметкер, жанкүйерлермен жұмыс жөніндегі қызметкер, спорт директоры және/немесе әкімші, медиа-офицер, матч менеджері) делегат (болмаған жағдайда инспектор) өткізетін ұйымдастыру жиналысына қатысуға және матчты ұйымдастыру бойынша осы тұлғалардың нұсқауларын орындауға міндетті.

6.31. Клубтар ҚФФ-тің ҚР Кубогын өткізуге байланысты құқықтарын (демеушілер мен серіктестердің логотиптері бар жарнамалық тақтайшаларды орналастыру, ҚФФ ресми сайттарын жарнамалық мақсатта пайдалану және т.б.) жазбаша келісімсіз жүзеге асыруға құқылы емес.

6.32. Ойын барысында клуб әкімшілігінің командаға, ойыншыларға және жаттықтырушылар құрамына араласуына, соның ішінде теріс реакция тудыруы мүмкін мінез-құлық көрсетуге жол берілмейді.

6.33. Матч хаттамасына енгізілген қосалқы ойыншылардың қыздырыну орны және қыздырынуға қатысатын бір өкілдің (физиотерапевт, дәрігер, массажист немесе дене дайындығы бойынша жаттықтырушы) қатысуы төреші немесе инспектор тарапынан ұйымдастыру жиналысында анықталады. Қыздырынатын ойыншылар мен команданың өкілі қыздырынуды арнайы манишка кеудешесімен өткізуге міндетті.

6.34. ҚР Кубогы матчы кезінде қақпалардың артында тек тиісті аккредитациясы бар операторлар мен фототілшілер және Техникалық регламентке сәйкес доп берушілер ғана бола алады.

6.35. Матч ұйымдастырушысы ҚР Кубогы матчтарына БАҚ аккредитациясын жүргізуге міндетті (телевизиялық аккредитациялардан басқа, олар матч трансляциясы болған жағдайда Техникалық регламентке сәйкес Негізгі Таратушы тарапынан беріледі).

6.36. ҚР Кубогының барлық матчтары тек ҚФФ ресми добымен өткізіледі, ол ҚФФ тарапынан бекітіледі.

6.37. Қазақстан Республикасындағы эпидемиологиялық жағдайға байланысты ҚР Кубогы матчтарын ұйымдастыру кезінде қосымша шарттар және/немесе шектеулер енгізілуі мүмкін. Қосымша шарттар және/немесе шектеулер тізімі ҚФФ уәкілетті органымен бекітіледі.

6.38. Бір ойын туры аясында бір ойыншының әртүрлі клубтар үшін ойнауына тыйым салынады.

ҚРЧ қатысушыларының жабдығы

6.39. Ойыншының жейдесінде ҚР Кубогы басты демеушісі бекіткен логотип пен шеврон (оң жеңде) және жеке нөмірі (жейденің артқы жағында, ортасында) болуы керек. Жейдедегі ойыншы нөмірі өтінім парағы мен матч хаттамасында көрсетілген нөмірмен сәйкес болуы тиіс.

6.40. Жейдедегі нөмір биіктігі – 25-35 см, Нөмірдің (сандардың) сызықтық қалыңдығы– 3-5 см болуы керек. Жолақты жейделерде нөмір контраст түсті тіктөртбұрышқа орналастырылады.

6.41. Жейденің артқы жағында, ойыншы нөмірінің үстінде, ойыншының тегі латын әріптерімен, жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес жазылуы керек. Әріп биіктігі – 7,5 см-ден аспайды, бас немесе кіші әріптер қолдануға рұқсат. ҚФФ әкімшілігінің жазбаша рұқсатымен ойыншының киіміне оның есімі және/немесе лақап аты жазылуы мүмкін.

6.42. Жейде дизайны, түсі, әріп және нөмір қаріптері бүкіл команда үшін бірдей болуы тиіс.

6.43. Спорттық қысқа шолақ шалбардың алдыңғы жағында (кез келген жақта) жейдедегі нөмірмен сәйкес нөмір болуы керек (биіктігі 10-15 см).

6.44. Гетра шұлықтарға ойыншы нөмірін жазуға рұқсат етілмейді.

6.45. Ойыншы нөмірі «1»-ден «99»-ға дейінгі аралықта болуы тиіс. «1» нөмірімен тек қақпашы ғана тіркеледі.

6.46. Клубтың ресми тіркелген эмблемасы (100 шаршы см-ден аспайды) жейденің алдыңғы сол жағына орналастырылады. Клуб эмблемасы қысқа шолақ шалбардың кез келген жағында және гетра шұлығында да болуы мүмкін (қысқа шолақ шалбардағы және гетра шұлығындағы эмблема көлемі 50 шаршы см-ден аспауы тиіс).

6.47. Жейдеде клуб демеушілерінің жарнамаларын орналастыруға рұқсат етіледі. Жарнама орналастыру орындары міндетті түрде ҚФФ-пен келісіліп, бекітілуі керек.

6.48. Қақпашының формасы басқа ойыншылар мен төрешілер формасынан түсті түрде ерекшеленуі керек.

6.49. Ойыншылар матч кезінде қақпақшалы қорғаныс (щиток) киюге міндетті.

6.50. Спорттық термокиім негізгі шорттың түсімен бірдей болуы керек және тізенің жоғарғы бөлігіне дейін жетпеуі тиіс.

6.51. ҚР Кубогы матчтары кезінде төрешімен келісе отырып, ойыншыларды бақылау жүйесін (GPS трекер орнатылған арнайы манишка кеудешелер) пайдалануға рұқсат беріледі. Егер төреші бұл жабдық ойыншылардың денсаулығына қауіп төндіреді деп есептесе, оны қолдануға тыйым салуға құқылы.

6.52. Егер ойыншының спорттық жабдығы Ойын ережелері мен осы ереженің талаптарына сәйкес келмесе, ол матчқа жіберілмейді.

ҚРЧ матчтарына төрешілік ету

6.53. ҚР Кубогы матчтарын төрешілік ету Ойын ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6.54. ҚР Кубогы матчтарын төрелік ету VAR жүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады. VAR жүйесінің жұмыс принциптері Техникалық регламентте көрсетілген..

6.55. ҚР Кубогы матчтарына төрелік етуге рұқсат етілген төрешілер тізімін ҚФФ Төрешілер комитеті ТИД ұсынысы бойынша бекітеді. ҚР Кубогының жекелеген матчтарына шетелдік төрешілерді тағайындауға рұқсат етіледі.

6.56. ҚРЧ матчтарына төрешілерді тағайындауды ҚФФ Төрешілер комитетінің Тағайындау комиссиясы жүзеге асырады.

6.57. ҚР Кубогы матчтарына тағайындалған төрешілерді ауыстыру туралы өтініштер қарастырылмайды.

6.58. Төрешілер ҚР Кубогы өтетін күннен 3 (үш) күн бұрын матч Ұйымдастырушысына келу уақытын және кері жол жүру билеттерін броньдау туралы ақпаратты хабарлауға міндетті.

6.59. Төрешілер матч өтетін қалаға (елді мекенге) оның алдындағы күні келуі тиіс.

6.60. Егер ҚР Кубогы матчының төрешісі матчқа келмесе, онда бұл ойынды ҚФФ Төрешілер комитетінің Тағайындау комиссиясы тағайындаған төреші жүргізеді.

6.61. Егер ҚР Кубогы матчының барлық төрешілер бригадасы келмесе, матчты ҚФФ Төрешілер комитетінің Тағайындау комиссиясы тағайындаған аймақтық төрешілер алқасының білікті төрешілері жүргізеді.

6.62. ҚР Кубогы матчы өтетін күні жергілікті уақыт бойынша сағат 10:00-ге дейін делегат матчқа қызмет көрсететін инспектормен және төрешілер тобының өкілдерімен (төреші және/немесе оның көмекшілері және/немесе қосалқы төреші) бірге оның матчқа дайындығын тексеру үшін стадионға келуі керек. Ерекше жағдайларда кейінірек келу уақытына рұқсат етіледі (ҚФФ-мен келісім бойынша). Стадионды, футбол алаңын және жер асты алаңдарын қарап шыққаннан кейін матчтың төрешілер тобының өкілі делегат (ол болмаған жағдайда – инспектор) қатысушы командалардың өкілдерімен (күзет қызметкері, жанкүйерлермен байланыс жөніндегі қызметкер, спорт директоры және/немесе әкімші, БАҚ қызметкері, матч менеджері және стадион әкімшілігінің полиция қызметкерлері), матч менеджері және өрт сөндіру қызметі, полиция қызметкерлерімен өткізетін ұйымдастыру жиналысына қатысуға міндетті. Делегат пен инспектор бір мезгілде болмаған жағдайда ұйымдастыру жиналысын өткізу жауапкершілігі судьяға жүктеледі.

6.63. Матч басталғанға дейін (кемінде бір сағат бұрын) төреші инспекторымен бірге футбол алаңын тексеріп, оның сапасын бес балдық жүйе бойынша бағалап, матч өткізуге жарамдылығын анықтауы тиіс.

6.64. Төреші (делегат пен инспектор болмаған жағдайда) стадион мен тиісті қызметтердің матч өткізуге дайындығын тексеруі керек. Егер Регламентте көрсетілген талаптар орындалмаса, төреші бұл туралы дереу ҚФФ-қа және аймақтық футбол федерациясына хабарлауға міндетті.

6.65. Ұйымдастыру жиналысында төрешілер бригадасының өкілі кездесетін командалардың өкілдерімен бірлесіп, командалардың ойын формасының түстерін бекітуі тиіс. Форма түстері айқын ажыратылатын болуы және Регламенттің 6.42–6.52-тармақтарының талаптарына сәйкес келуі қажет.

6.66. Матч аяқталғаннан кейін төреші бір сағат ішінде FCMS жүйесінде матч хаттамасын толтыруы тиіс. Егер матч барысында ескертулер, алаңнан қуылу жағдайлары, ойыншылардың жарақаттануы немесе стадиондағы тәртіп бұзушылықтар орын алса, төреші бұл туралы толық мәліметтерді хаттамада көрсетуге міндетті.

6.67. Клуб қызметкерлеріне ҚР Кубогы матчтарына төрешілік етуге тыйым салынады.

ҚР Кубогы матчтарын инспекциялау

6.68. ҚР Кубогы матчтарын инспекциялау инспекторлар тарапынан реттеуші құжаттарға сәйкес жүзеге асырылады.

6.69. ҚР Кубогы матчтарын инспекциялауға рұқсат етілген инспекторлар тізімін ҚФФ Төрешілер комитеті ТИД ұсынысы бойынша бекітеді.

6.70. ҚР Кубогы матчтарына инспекторларды ҚФФ Төрешілер комитетінің Тағайындау комиссиясы тағайындайды. Тағайындалған инспекторларды ауыстыру туралы өтініштер қабылданбайды.

6.71. ҚР Кубогы матчына тағайындалған инспектор матч күніне 3 күн қалғанда ұйымдастырушы тарапқа келу уақытын және жол жүру құжаттарын брондау (егер өзі сатып алған жағдайда) туралы хабарлауға міндетті. Ұйымдастырушы тарап инспекторға вокзалдан (әуежайдан) қонақүйге және кері бағыттағы көлік тасымалын, ал ойын күні алдын ала жиналысқа, матчқа және кері қайтуға арналған көлікті қамтамасыз етуі тиіс.

6.72. Тағайындалған инспектор матч өткізілетін қалаға (елді мекенге) ойын күніне дейінгі күні келуі керек.

6.73. Матч өтетін күні жергілікті уақыт бойынша 10:00-ге дейін инспектор делегат және төрешілер бригадасының өкілдерімен бірге (бас төреші және/немесе оның ассистенттері, және/немесе резервтік төреші) стадионның матч өткізуге дайындығын тексеруге міндетті. Ерекше жағдайларда ҚФФ-мен келісу арқылы кешігіп келуге рұқсат етіледі. Тексерістен кейін инспектор стадионды, футбол алаңын, трибуна астындағы бөлмелерді және құжаттарды тексеруге және қатысушы командалар, стадион әкімшілігі, полиция, медициналық және өрт қауіпсіздігі қызметтері өкілдерімен ұйымдастыру жиналысына қатысуға міндетті.

6.74. Инспектор төрешілік сапасын бағалау мақсатында матч жазбасын қарауға құқылы.

6.75. Футбол клубтарының қызметкерлеріне ҚР Кубогы матчтарына инспекция жүргізуге тыйым салынады.

Қазақстан Кубогы матчтарының делегаттары

6.76. Қазақстан Кубогы матчтарының ұйымдастырылуын және өткізілуін бақылауды делегат жүзеге асырады.

6.77. Қазақстан Кубогы матчтарының делегаттары өз қызметінде ҚФФ бекіткен нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

6.78. Делегаттар тізімін ҚФФ бекітеді.

6.79. Делегатты тағайындауды ҚФФ жүзеге асырады. Клубтардың тағайындалған делегатты ауыстыру туралы өтініштері қарастырылмайды.

6.80. ҚР Кубогы матчына тағайындалған делегат матч өткізілетін күнге дейін 3 күн бұрын ұйымдастырушыға келу уақытын хабарлауы керек. Ұйымдастырушы делегаттың теміржол вокзалынан (әуежайдан) қонақүйге барып кері қайтуын, матч алдындағы жаттығу күні – қонақүйден стадионға барып кері қайтуын, ал ойын күні – матч алдындағы жиналысқа, матчқа барып кері қайтуын көлікпен қамтамасыз етуі тиіс.

6.81. Делегат матч өтетін қалаға (елді мекенге) ҚР Кубогы матчы қарсаңында келуі тиіс.

6.82. Делегат келген соң ұйымдастыру комитетімен бірге матчты ұйымдастыру мәселелерін талқылауы және қонақ команданың матч алдындағы жаттығуын бақылап, стадион мен алаңның ҚФФ талаптарына сәйкестігін тексеруі тиіс.

6.83. Матч өтетін күні жергілікті уақыт бойынша 10:00-ге дейін делегат инспектормен және төрешілер бригадасының өкілдерімен (бас төреші және/немесе оның ассистенттері, және/немесе резервтік төреші) бірге стадионның матч өткізуге дайындығын тексеруге міндетті. Тексеру барысында стадионның ҚФФ инфрақұрылым регламентіне сәйкестігі бағаланады. Ерекше жағдайларда кешігіп келуге (ҚФФ келісімімен) рұқсат етіледі.

6.84. Стадионды, футбол алаңын, жерасты алаңдарын қарап, құжаттарды тексергеннен кейін делегат қатысушы командалардың өкілдерімен (күзет қызметкері, жанкүйерлермен байланыс жөніндегі қызметкер, спорт директоры және/немесе әкімші, БАҚ қызметкері, қабылдаушы клубтың матч менеджері), стадион әкімшілігі, полиция, медициналық және өртке қарсы қызметтердің өкілдерімен ұйымдастыру жиналысын өткізуге міндетті. Матчты ұйымдастырушы матчты өткізудің шарттарын және барлық көрсетілген қызметтер өкілдерінің ұйымдастыру жиналысына қатысуын қамтамасыз етуге міндетті. Кездесудің уақыты мен форматын, соның ішінде бейнеконференцбайланысты қолдануды матчтың делегаты анықтайды.

6.85. Егер стадион алаңы ҚФФ жарнамалық талаптарына сәйкес жабдықталмаса, матч өткізуге рұқсат беруге делегаттың құқысы жоқ.

6.86. Делегат матч алдындағы жиналыс және матч кезінде ресми киім үлгісін сақтауы керек және аты жазылған бейдж тағып жүруі қажет.

6.87. Делегаттың матч алдында, матч кезінде және одан кейін стадионның барлық аймақтарына кіруге құқығы бар.

6.88. Делегаттың матчты ұйымдастыру және өткізу бойынша барлық нұсқаулары орындалуы тиіс.

Егер делегаттың талаптары орындалмаса, бұл жағдай хаттамада көрсетіліп, кінәлі тарапқа санкциялар қолданылуы мүмкін.

6.89. Делегат өз міндеттерін дұрыс орындамағаны үшін жеке жауапкершілік көтереді. Ол матч туралы сенімді және уақытылы ақпарат беруге міндетті.

6.90. Егер матчқа делегат тағайындалмаса, Регламенттің 6.76–6.89 тармақтарына сәйкес оның міндеттерін инспектор орындайды.

6.91. Футбол клубтарының қызметкерлеріне Қазақстан Кубогы матчтарына делегат ретінде қатысуға тыйым салынады.

ҚР Кубогы матчтарының трансляциясын ұйымдастыру

6.92. ҚР Кубогы матчтарын трансляциялауды ұйымдастыру мәселелері Техникалық регламенттің ережелері реттейді. Клубтың трансляцияның кешігуіне немесе үзілуіне немесе Техникалық регламенттің ережелерін бұзуына әкелетін кез келген әрекеті (әрекетсіздігі) тәртіптік жаза қолдануға әкеп соғады.

6.93. Клубтар Хабар таратушының қызметі үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге және қолайлы жағдай жасауға жауап береді және Техникалық регламентте және Стадион инфрақұрылымы ережелерінде анықталғандай, матчтарды көрсетуге тиісті құқықтары бар Хабар таратушыға және басқа компаниялардың өкілдеріне қатысты міндеттемелерді өз мойнына алады.

Клубтардың жауапкершілігі

6.94. Клубтар, ойыншылар және ресми тұлғалар осы регламенттің барлық талаптарын орындауға, сондай-ақ бір-біріне және көрермендерге (жанкүйерлерге) жоғары тәртіп, ұйымшылдық және құрмет көрсетуге міндетті.

6.95. Клуб әкімшілігі өз ойыншыларының тәртібі үшін жауапты және матчтың ресми тұлғаларының әрекеттеріне ойын барысында да, одан кейін де араласуға құқығы жоқ.

6.96. Клубтар осы Регламентте және ҚФФ-тің басқа құжаттарында белгіленген міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау үшін жауапты.

6.97. Клубтар матчты ұйымдастыруға байланысты барлық қажетті шараларды қамтамасыз етуге міндетті. Олар стадион әкімшілігімен және ішкі істер органдарымен бірге матчқа дейін, матч барысында және одан кейін стадион ішінде және оған іргелес аумақта қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауы тиіс.

6.98. Клубтар өз көрермендерінің (жанкүйерлерінің) және ресми тұлғаларының тәртібі үшін жауапты. Қонақта ойнайтын клуб стадионда болған өз жанкүйерлерінің тәртібі үшін жауапқа тартылуы мүмкін.

6.99. Клубтар өз ойыншылары мен ресми тұлғаларына қолданылған тәртіптік санкциялардың (ескерту, алаңнан қуылу, дисквалификация) есебін жүргізуге және оларды сақтауға міндетті.

6.100. Клубтар ойыншылар мен ресми тұлғалардың матчқа қатысуына қатысты Регламент талаптарын сақтауға жауапты.

6.101. Клубтар ойыншылардың ҚР кубогына қатысуына медициналық рұқсаты болуын қамтамасыз етуге міндетті.

6.102. Аймақтық футбол федерациялары ҚРЧ матчтарын өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған шараларға тікелей қатысуы қажет.

Арнайы ережелер

6.103. ҚР кубогы ойындарының күнтізбесі ҚФФ-тің меншігі болып табылады. Клубтар оны жарнамалық, коммерциялық және басқа да мақсаттарда басқа тұлғаларға құқықтарды бермей пайдалана алады.

6.104. Біріншілік матчтары FIFA анықтаған «Fair Play» қағидаттарына сәйкес өткізіледі.

6.105. ҚФФ матч ойыншыларын допинг-бақылауға ұшырату мүмкін.

6.106. ҚФФ Атқару комитеті бекіткеннен кейін Біріншіліктің спорттық нәтижелерін кез келген себеппен қайта қарауға жол берілмейді.

6.107. ҚФФ Басшылығы Біріншіліктің жекелеген матчтарына ҚФФ Делегатын және/немесе Қауіпсіздік жөніндегі маманды жіберуі мүмкін. Клубтар ҚФФ-тің аталған лауазымды тұлғаларына Біріншілік матчын ұйымдастыру және қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерінде, соның ішінде тиісті қызметтердің (полиция, өртке қарсы және медициналық қызметтер) тарапынан толық көмек көрсетуге міндетті.

6.108. Осы регламентте қарастырылмаған мәселелер ҚФФ уәкілетті органдары тарапынан реттеледі.

6.109. Арнайы ережелер болмаған жағдайда, ҚФФ уәкілетті органдары шешімдерді FIFA және UEFA-да қолданылатын қағидаттар мен нормаларға сәйкес қабылдайды.

6.110. Осы регламенттің ережелері бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және жаңа регламент қабылданғанға дейін қолданылады.

6.111. Осы регламенттің ережелері кері күшке ие емес және оның күшіне енгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайды.